

3 Борчашвили И. Ш., Рахметов С. М. Проблемы противодействия коррупции по Уголовному законодательству Республики Казахстан: Монография. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», 2012. – 392 с.

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ШЕШІМДЕРДІҢ ТҮСІНІГІ

*Абзалбекова М.Т., заң факультетінің докторанты, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Құқықтық мемлекетті қалыптастыру міндетін шешу - қоғам өмірінің барлық салаларында заңдылықтың жоғарлығын қамтамасыз етумен, құқықтық реформаны жүргізумен, заңның жаңартылуымен, сот, прокурорлық қадағалау, адвокатураның рөлінің жоғарлауымен, тергеу аппараты жұмысының жақсаруымен байланысты.

Құқықтық реформа қылмыстық сот өндірісін жүзеге асырушы тұлғаның кәсіби білімділігінің, құқықтық мәдениеттің жоғарлатылуы сотта қылмыстық істерді қарауда және қылмысты тергеу кезінде заңдылықтың бұзылуын жоюға тиіс.

Қылмыстың сот өндірісінде заңдылықтың деңгейі, алдымен, сот өндірісін жүзеге асырушы органдармен және лауазымды тұлғалармен, жасалатын әрекеттерімен, шығарылатын шешімдерінде көрініс табады. Сот өндірісі кезінде тергеу органдарының және соттың барлық әрекеті заңмен белгіленеді және белгілі бір процессуалдық нысанда жүргізіледі. Оның бір белгілері ретінде жазбаша сипатталуы табылады – қылмыстық процестегі әрекеттер мен шешімдер жазбаша нысанда процессуалдық құжат болып жасалуы керек; тек осы жағдайда ғана олар қылмыстық істің жүргізілуі, процессуалдық дамуы үшін мәнге ие болады.

Тергеушінің, прокурордың, соттың қылмыстық сот өндірісіндегі қызметі белгілі бір шешім қабылдаумен байланысты. Қылмыстық сот өндірісінің мақсаттарына жетуде қабылданған шешімдердің заңдылығы мен негізділігінің арасындағы тікелей байланыс-қылмыстық сот өндірісіндегі қабылданатын шешімдердің теориясы мен тәжірибесін зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Қылмыстық сот өндірісіндегі шешімдердің қоғамдық маңызы оларды басқарушылық саласында қолданылатын шешімдер ретінде қарастыруға және әлеуметтік басқарушылық саласындағы шешімдерге тән қасиеттерді анықтауға болатындығын көрсетеді.

Қылмыстық процессуалдық заң «процессуалдық шешім» ұғымын нақты анықтап көрсетпейді. Бірақ соған қарамастан қылмыстық процессуалдық заң нормалары процессуалдық шешімдерді қабылдауға қатысты және процессуалдық құжаттарды толтыруға қажетті ережелерден тұрады. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінде (7-бап, 38т) процестік шешімдер – қылмыстық процесті жүргізетін органдардың қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға байланысты шығарылған актілері ретінде анықталады. Біздің ойымызша аталған анықтама қылмыстық процессуалдық шешімдердің маңызды сипаттарын ашып көрсетпейді.

Өзінің әлеуметтік табиғаты бойынша заңдық шешімдер «басқарушылық шешімдер» ретінде сипаттала алады. Басқару қызметінің өзіндік өзгешелігі, ерекше мазмұны болады, әрі дербес жүзеге асырылуы мүмкін. Оларды кез-келген басқару саласындағы адамдар қызметіне теңдестіруге болады. Шындығында, кез келген салада басқару үшін шешімді әзірлеу және қабылдау, оның орындалуын ұйымдастыру, оның орындау барысын үйлестіру, орындалу нәтижесін бақылау және де осы деректердің негізінде шешімді шығару қажет. Себебі, кез-келген басқарушылық шешімдер сияқты процессуалдық шешімдер де құқық қолданушылық қызметтің анықтаушылық звеносы болып табылады. С.С. Алексеевтың пікірі бойынша басқа да шешімдер сияқты құқықтық шешімдерде басқарушылық сипатта болады. «Құқықты қолдану – қатаң түрде арнайы мақсаттарды көздейтін өзіндік басқарушылық қызмет». Ол заңдық нормаларды жүзеге асыруға, сонымен қатар қажет болмаған жағдайда қоғамдық қатынастарды индивидуалдық реттеуді қамтамасыз етуге бағытталған. Құқықты қолдану, С.С. Алексеевтің ойынша - қатаң арнайы міндеттері бар өзіндік өкімдік қызмет. Ол заң нормасының жүзеге асырылуының қамтамасыз етілуіне, сонымен қатар, қажетті жағдайда – жеке қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталады [1; 65]. Шешімдер варианттары санының (баламаларының) болуы проблемаларды шешудің ең қолайлы жолын таңдауға мүмкіндік береді. Бір вариантты ғана ойластырып қою, әдетте, қолайлы шешімді қамтамасыз етпейді.

Заңдық істің шешімі өзінің әлеуметтік табиғатына байланысты «өкімдік шешім» ретінде сипатталуы мүмкін, кез келген басқару процессінде сияқты, бұл жағдайда да шешім, құқықты қолдану қызметінде негізгі анықтаушы звеносы.

Процессуалдық шешім – қылмыстық құқық нормаларын жүзеге асырудың қажетті шарты; тек процессуалдық шешім арқылы ғана әрбір нақты жағдайда қылмыстық құқық нормалары қолданылуы мүмкін. Олардың көмегімен қылмыстық істе қылмыстық процесстің негізгі мәселесі – қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі шешіледі.

Олар тек ғана нақты құқықтық мәселені шешіп ғана қоймай, сонымен қатар, қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерінің пайда болуы, процессуалдық құқықтық қатынастардың пайда болуына, тоқтатылуына, өзгеруіне әкелетін заңдық дерекке айналады.

Зерттеудің сипатын анықтауға байланысты мақсаттары бойынша ғылыми заңдық әдебиеттерде басқарушылық шешімдердің әртүрлі анықтамасын кездестіруге болады. Әдебиеттерде басқару жүйесінде қарама қарсылықтарды шешудің бағдарламасы ретінде яғни, білім мен ерікті біріктіру негізінде мүмкін болатын нәтижені таңдау болып табылады [2; 56].

Біздің көзқарасымыз бойынша заңдық әдебиеттерде басқарушылық шешімдердің ақпараттық мәні бұл-басқару субъектілерімен арнайы жиналған, талданған және өңделген ақпараттардың жиынтығы екенін атап өткен жөн. Басқарушылық шешімдерді сипаттайтын құжаттарда оның әрекет ету мақсатын, жолын, тәсілдерімен құралдарын анықтайтын саналы сипаты да көрініс табу керек.

Ю.А. Тихомировтың көзқарасы бойынша «басқарушылық шешімдер - мақсатқа және оған жету жолдарына бағытталған, субъект қызметін тәжірибесін ұйымдастыратын міндетті жағдайлардан тұратын, арнайы тәртіппен қабылданған, талдау мен бағалау вариант негізінде дайындалған әлеуметтік акт» [3;21].

Аталған дефиницияларды талдай отырып, қабылданған басқарушылық шешімдердің маңызды қасиеттері негізінде келесідей жіктеуге болады: құқықтық, мазмұндық және ұйымдастырушылық белгілері бойынша жіктеу.

Шешімнің міндетті қасиеті ретінде құқықтық белгілерге, субъектінің құқықтық құзыреті, шешім қабылдаудың қалыптасқан тәртібін сақтау, шешімнің жоғарғы тұрған органдар қабылдаған басқа шешімдерге қарсы келмеуі айтылады.

Шешімдердің мазмұндық белгісі-бұл шешімнің мақсаты, талдау мен бағалау, мақсатқа жету құралдарын қамтиды.

Ұйымдастырушылық белгіге басқарушылық команда, тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру, міндетті маңызды болуы айтылады. Бұл белгілер басқарушылық шешімдерге де тән. Қылмыстық процестегі шешімдерді дайындау мен қабылдаудағы өзекті мәселе – басқарушылық шешімдерге қойылатын негізгі талаптармен байланысты. Заңдық әдебиеттерде бұл тақырыпқа байланысты әртүрлі көзқарастар болғандықтан бұл ережелер дискуссиялық сұрақ қатарына жатқызылады. Зерттеу мақсаттарына байланысты авторлар қабылданатын шешімдерді әртүрлі деңгейде детальды талдайды.

Шартты түрде шешімдерге қойылатын талаптарды негізгі келесідей топтарға бөлуге болады:

1. Шешімдердің басқарушылық мәнінен туындайтын талаптар: шешімдердің ғылыми негізділігі және құзыреттілігі; оның өзектілігі мен уақытылы шығуы; қоғамдық қатынастарды реттеу аясында шешімнің жекелеген бөліктерінің және тұтасымен шешімнің заңға сәйкес келуі. Аталған талаптарды сақтамау шешімдердің басқару субъектісінің саналы түрде шығарған актісі деп қарастыруға жол бермейді.

2. Шешімдердің басқарушылық табиғатынан туындайтын құқықтық талаптар: шешімнің заңдылығы, қабылданған шешімдердің заңдардың әріптеріне ғана емес, заңнаманың өнегелік сипатына да сәйкес келуі, құқық құзыреттілігі, биліктілігі, басқару субъектісінің сипатына сәйкес келуі; бірнеше субъектінің мүддесін білдіруі.

3. Команданың әрекет ету көрінісіндегі шешімдердің функционалдық тағайындалуынан туындайтын талаптар: қарсы келмеушілік, логикалылығы, анықтылық, қарапайымдылығы, нақтылығы, қысқалығы. Аталған формальды-логикалық талаптарды бұзу шешімдердің дұрыс түсіндірілмеуіне, қойылған мақсаттарға жетпей қалуына әкеп соғады.

Шешімді ойдағыдай орындау үшін мақсаттың дәл, әрі айқын болуының айрықша маңызы бар. Кейде біртұтас мақсатты айқындау оңайға түспейді, өйткені өндірісте күн сайын көптеген міндеттер туындап жатады. Сондықтан басты буын принципі бойынша міндетті негізгі мақсатқа бағындыру қажет. Мұндайда орындауға тиісті мақсаттың да, қорғалатын мақсаттың да болатындығын ескеру қажет.

Шешімді қабылдау және өңдеу үрдісі басқа да басқарушылық үрдістер сияқты ақпараттық процестен тұрады, себебі ақпараттарды анализдеу негізінде алынған шешімдер деректік сипатқа ие болады. Басқарушылық жүйе өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру кезінде бірнеше кезекті операцияларды орындаудан тұрады. Бұл операциялар заңдық әдебиеттерде «жалпы функция» немесе

«функциялар операциясы» деген атпен кездеседі. Олар кез келген басқару жүйесіне тән, басқару функциясын жүргізу кезінде нақты міндеттерді шешуге сйкес келеді.

Басқарушылық цикл функцияларын жіктеуді анализдеудің нақты үлгісін біздің ойымызша П.А. Лупинская берген. Жалпылама түрде бұл тізім келесі: басқарушылық шешімдерді дайындау мен қабылдау, басқарушылық шешімдерді атқаруды ұйымдастыру функциясын қамтиды [4; 7].

Сонымен басқару шешімдерінің мәнін анықтауда оның негізгі сипатын анықтауға болады: ол белгілі бір анықталған әрекеттің вариантының таңдалғанын білдіреді, белсенділік және ұйымдастырушылық күшке ие, адамның (топтың) саналы қызметін ұйымдастыру негізінде қалыптастырылады, объективті пайда болған қажеттіліктер мен қоғамдық тәжірибе мүддесін сәйкестендіре отырып дайындалады. «Басқару шешімі» термині екі негізгі мәнде қолданылады. Бірінші жағдайда ол белгіленген басқару актісін, қабылдаған іс-әрекет жоспарын, қаулы-қатарларды, т.б.; екінші жағдайда- мәселелер мен міндеттер шешімін қабылдаудың және жүзеге асырудың ең қолайлы нұсқасын білдіреді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Алексеев С.С. Проблемы теории права. Т.2. - Свердловск, 1973 – 396 с.
2. Корневский Ю.В. Вопрос о допустимости доказательств // Прокурор в суде присяжных - М., 1995.
3. Тихомиров Ю.А. Управленческие решения. - М.: Наука 1972. – 288 с.
4. Лупинская П.А. Исполнение решения в механизме реализации норм уголовно – процессуального права // Актуальные проблемы судостроительства, судопроизводства и прокурорского надзора. - М., 1986. -С.3-13.

### **ВОПРОСЫ КВАЛИФИКАЦИИ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ, СОВМЕСТНО СОВЕРШАЕМЫХ ОБЩИМ И СПЕЦИАЛЬНЫМ СУБЪЕКТОМ**

*Кадыров А.К., магистрант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова*

Вопросы квалификации содеянного общим и специальным субъектом при совершении ими преступления в соучастии по-прежнему актуальна для теории уголовного права и практики его применения. Её наличие обусловлено существованием в теории уголовного права концепции, признающей соучастие совместной преступной деятельностью, участием одного лица в преступлении другого лица, а не единой преступной деятельностью двух и более лиц. При этом соучастие воспринималось исключительно как особая общность людей, совершивших преступление, основанная на единстве их умысла и желания совершить преступление, что не позволяло рассматривать его как способ совершения преступления и дать оценку содеянному общим и специальным субъектом с позиции механизма выполнения его объективной стороны.

Ситуацию осложняло понимание специального субъекта преступления как общего, но наделенного дополнительным признаком, в отрыве от специального общественного отношения, обусловившего его существование. При этом под субъектом преступления понималась способность лица нести уголовную ответственность, а не совершить преступление, что не позволяло вскрыть механизм причинения вреда объекту преступного посягательства при совместном совершении преступления общим и специальным субъектом [1, 125].

При этом только содеянное исполнителем, в соответствии с акцессорной концепцией соучастия, признавалось причиной наступления преступного результата, а содеянное его соучастниками лишь его условием, что не позволяло признать преступление, совершенным группой лиц, при наличии только одного исполнителя; участие в преступлении организатора, подстрекателя или пособника группу не образовывало.

Так как исполнителем преступления признавалось только лицо его непосредственно совершившее, то под его исполнением понималось совершение действий непосредственно составляющих объективную сторону преступления, что оставляло содеянное другими соучастниками за рамками состава, совершенного ими преступления.

Все изложенное не позволяет правильно оценить и квалифицировать совместно содеянное общим и специальным субъектом.